

**Астық қабылдау кәсіпорны мен астық иесі арасындағы астықты сақтаудың жария шартының үлгілік нысанын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 4-1/487 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 9 шілдеде № 11596 болып тіркелді

«Астық туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 31) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Астық қабылдау кәсіпорны мен астық иесі арасындағы астықты сақтаудың жария шартының үлгілік нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
міндетін атқарушы *С. Омаров*

«К Е Л І С І Л Г Е Н»  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
Е. Досаев

2015 жылғы 9 маусым

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
міндетін атқарушының

2015

жылғы

29

мамырдағы

№

4 - 1 / 487

бұйрығымен

бекітілген

## **Астық қабылдау кәсіпорны мен астық иесі арасындағы астықты сақтаудың жария шартының үлгілік нысаны**

\_\_\_\_\_ № 20 \_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
(елді мекен)

Бұдан әрі «Иеленуші» деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_  
( а с т ы қ и е с і )  
негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ және бұдан әрі «АҚК» деп  
аталатын \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_ негізінде  
әрекет ететін \_\_\_\_\_ (астық қабылдау кәсіпорны)  
\_\_\_\_\_, бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар,  
төмендегілер туралы осы шартты жасасты.

### **1. Шарттың нысанасы**

1. Осы шарттың нысанасы АҚК-нің осы шартқа сәйкес және оның талаптарымен астықты сақтау бойынша қайтарымды қызметтер көрсетуі болып табылады.

2. Сақтауға берілетін астықтың көлемі мен сипаттамасын, астықтың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында ол жеткізілетін сапа көрсеткіштерін осы шартқа қосымша да Тараптар анықтайды.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.06.2016 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

3 . А Қ К :

1) астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімінде (бұдан әрі – Тізілім) астық қолхатын шығаруға бұйрық қалыптастырып, сақтауға қабылданған, сапасы бойынша біртекті астықтың әр партиясына Иеленушіден астық қабылданған күннен бастап күнтізбелік үш күннен аспайтын мерзімде астық қолхатын шығаруға;

2) астықты қабылдағанда оның сапасын анықтауды осы шартқа қосымшада көрсетілген стандартқа сәйкес жүзеге асыруға;

3) Иеленуші берген астықты астық қолхатында көрсетілген сан мен сапада сақтауды қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

- 4) ұлттық стандарттарда, техникалық регламенттерде, техникалық шарттарда және нормативтік құқықтық актілерде белгіленген сақтау шарттарын сақтауға;
- 5) астықтың сақталу орнын қарап-тексеруге, астықты өлшеуге және астықтың сынамаларын іріктеп алуға Иеленушіге не оның уәкілетті өкіліне мүмкіндік беруге;
- 6) алып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.06.2016 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.
- 7) Иеленуші Тізілімде қалыптастыратын, астық қолхатын өтеуге арналған бұйрық негізінде астық беруге («Астық туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 31-бабында және осы шарттың 4-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда). Астықты беру (тиеп-жіберу) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 маусымдағы № 4-1/546 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11804 болып тіркелген) бекітілген Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – Астықты есепке алу қағидалары) сәйкес жүргізіледі. Астық берілгеннен кейін астық қолхаты өтеледі;
- 8) сақтаудағы астықтың жойылу немесе бүліну қаупі туындаған жағдайларды қоспағанда, Иеленушінің келісімінсіз үшінші тұлғалардың астық сақтау қоймаларында сақтаудағы астықты араластырмауға. Иеленушінің Тізілімде астық қолхатын өтеуге бұйрық қалыптастыруы үшін АҚК астықтың үшінші тұлғаға сақтауға берілгені туралы Иеленушіге тез арада хабарлауға міндетті. Бұл ретте АҚК астықты сақтауға берген үшінші тұлғаның іс-қимылына толық жауап береді;
- 9) Иеленушіге оның өтінімі бойынша үш жұмыс күні ішінде АҚК-нің техникалық мүмкіндіктері туралы ақпарат ұсынуға;
- 10) жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты жөндеу жүргізуді тоқтатуға дейін кемінде 45 күн бұрын, Заңның 6-бабы 12) тармақшасына сәйкес бекітілетін Астықты сақтау қағидаларында белгіленген мерзімнен аспауға тиіс жөндеу жүргізу мерзімдерін көрсете отырып, астықты қабылдау мен босатудың (тиеп-жіберудің) мүмкін еместігі туралы Иеленушіні хабардар етуге;
- 11) егер АҚК астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатыспаған жағдайда, осы шарт бойынша өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруға;
- 12) астықты сақтау процесінде зиянкестермен астықтың залалданғаны анықталған жағдайда, өз есебінен зарарсыздандыруды жүргізуге;
- 13) Астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру, қайтарып алу туралы, сондай-ақ АҚК-ні қайта ұйымдастыру, атауын өзгерту, банкроттық рәсімінің қозғалғаны, өз еркімен таратылуы туралы шешімнің қабылданғаны туралы Иеленушіні тиісті шешім қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлар етуге

;

14) Астықтың есебін жүргізу қағидаларына сәйкес астықты осы шартқа қосымшада белгіленген сапалық көрсеткіштерге дейін жеткізу нәтижесінде алынған астық қалдықтарын қайтаруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.06.2016 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) б ұ й р ы ғ ы м е н .

4 . А Қ Қ :

1) осы шарттың 3-бөліміне сәйкес нақты көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуді т а л а п е т у г е ;

2) көрсетілген қызметтерге ақы төлеу бойынша Иеленушінің берешегі бар болған жағдайда астық босату (тиеп-жіберу) кезінде оның қазақстандық тауарлық биржаларда биржалық сауда-саттық жүргізу барысында қалыптасатын биржалық бағасы бойынша анықталатын осы берешектің мөлшерінен аспайтын көлемдегі астықты босатудан ( т и е п - ж і б е р у д е н ) б а с т а р т у ғ а ;

3) астықты босатуда (тиеп-жіберуде) Иеленушімен бірлесіп астықты оның астық қолхатында көрсетілген сандық-сапалық көрсеткіштерге сай екенін қарап-тексеруді немесе шығыстарды өз есебінен өтей отырып, тәуелсіз сарапшылық бағалауды жү р г і з у г е қ ұ қ ы л ы .

5. Иеленуші осы шарттың 3-бөлімінде белгіленген тәртіппен және жағдайларда АҚК-нің көрсетілетін қызметтеріне уақтылы ақы төлеуге міндеттенеді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.06.2016 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) б ұ й р ы ғ ы м е н .

6 . И е л е н у ш і :

1) астық қолхатында көрсетілген көлемде АҚК-де сақтаудағы астыққа билік етуге;

2) осы шартқа қосымшада көрсетілген стандарт бойынша астықты қабылдағанда о н ы ң с а п а с ы н а н ы қ т а у ғ а ;

3) астықты қабылдау және босату (тиеп-жіберу) кезінде оны өлшеуге қатысуға;

4) астықты сақтау орнын қарап-тексеруге, астықты өлшеуге және астықтың с ы н а м а с ы н і р і к т е п а л у ғ а ;

5) АҚК астықты босату (тиеп-жіберу) кезінде АҚК-мен бірлесіп астықты оның астық қолхатында көрсетілген сандық-сапалық көрсеткіштерге сай екенін қарап-тексеруді немесе шығыстарды өз есебінен өтей отырып, тәуелсіз сарапшылық ба ғ а л а у д ы жү р г і з у г е ;

6) өтінім бойынша АҚК-нің техникалық мүмкіндіктері туралы ақпарат алуға;

7) астық қалдығын қайтаруға және астықты осы шартқа қосымшада белгіленген

сапалық көрсеткіштерге дейін жеткізу нәтижесінде алынған астық қалдығына билік е т у г е қ ұ қ ы л ы .

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.06.2016 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **3. Сыйақы төлеу**

7. Әрбір операция бойынша жеке-жеке астықты сақтау жөнінде қызметтер көрсету ( қабылдау, кептіру, тазалау, сақтау, тиеп-жіберу) үшін АҚК-нің сыйақы сомасы АҚК-нің оларды көрсетумен байланысты барлық шығыстарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген салық және басқа да міндетті төлемдерді қамтиды және осы шартқа қосымшада айқындалады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.06.2016 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) б ұ й р ы ғ ы м е н .

8. Нарықта үстем жағдайға ие АҚК-нің көрсетілетін қызметтерінің бағалары ( тарифтері) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен а й қ ы н д а л а д ы .

9. Астықты сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу ақшамен не Тараптардың келісімімен анықталған баға бойынша сақтаудағы астықтың тиісті көлемін беру жолымен жүргізіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.06.2016 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) б ұ й р ы ғ ы м е н .

10. Көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу мерзімдері Тараптардың келісімі бойынша осы шартқа қосымшаға сәйкес айқындалады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.06.2016 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **4. Шарттың қолданылу мерзімі**

11. Осы шарт Астықты сақтау қағидаларында айқындалған сақтау мерзімдерінен аспайтын, Иеленушінің талап етуімен белгіленген мерзімге жасалды және өзінің

қолданысын Тараптар өздерінің міндеттемелерін толық орындаған жағдайда тоқтатады.

12. АҚК-нің бастамасымен шартты бұзуға жол берілмейді.

## 5. Тараптардың жауапкершілігі

13. Сақталудағы астық жоғалған, кем шыққан, бүлінген, зақымдалған, сапасы төмендеген жағдайда, АҚК Иеленушінің пайдасына тиісінше жоғалған, кем шыққан, бүлінген, зақымдалған астық не сапасы төмендеген астық құнының \_\_\_\_\_ %-ы мөлшерінде айыппұл төлейді.

14. Осы шарттың 3-тармағының 7) тармақшасын орындаудан негізсіз бас тартқан жағдайда, АҚК Иеленушінің пайдасына әрбір мерзімі өткен күн үшін тиіп-жіберуге мәлімделген астық құнының \_\_\_\_\_ %-ы мөлшерінде айыппұл төлейді.

15. Егер АҚК астықтың жоғалуы, кем шығуы, бүлінуі, зақымдалуы, сапасының төмендеуі еңсерілмейтін күштің не Иеленуші піғылының немесе оғаш абайсыздығының салдарынан болғанын дәлелдесе, жауапкершіліктен босатылады.

16. Айыппұл санкцияларының сомасы, астық құнының өтемі, сондай-ақ АҚК әрекетінің (әрекетсіздігінің) нәтижесінде Иеленушіге келген залалдар сомасы өтеу сәтінде қалыптасқан бағалар бойынша анықталады.

17. Тараптар айқындаған сыйақы төлеу мерзімін Иеленуші бұзған жағдайда, Иеленуші әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін төленбеген соманың \_\_\_\_\_ %-ы мөлшерінде өсімақы төлейді.

18. Басқа Тараптың қабылдаған міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы нәтижесінде Тараптардың біреуіне келген залалдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрақсыздық айыбынан тыс өтеледі.

19. Айыппұл санкцияларын төлеу Тараптарды осы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

## 6. Дауларды қарау тәртібі

20. Осы шарт бойынша даулар туындаған жағдайда, Тараптар туындаған дауларды сотсыз шешу үшін барлық шараларды қабылдауға міндеттенеді.

21. Туындаған даулар бойынша келісімге қол жетпесе, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотта қаралуы тиіс.

## 7. Өзге де жағдайлар

22. Осы шарт бойынша құқықтар мен міндеттер астық қолхатында көрсетілген көлемдегі астыққа арналған астық қолхаты бойынша құқықтарды берумен бір уақытта беріледі.

**Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР**

Ауыл шаруашылығы министрінің 24.06.2016 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) б ұ й р ы ғ ы м е н .

23. Көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтер өзгергенде, астық жеткізілетін сапалық көрсеткіштерді жақсарту қажет болғанда немесе АҚК-ге жаңа астық партиялары түскенде тиісті өзгерістер осы шартқа қосымша қосымшаға қол қою ар қ ы л ы р е с і м д е л е д і .

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.06.2016 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) б ұ й р ы ғ ы м е н .

24. Осы шартқа қосымша оның ажырамас бөлігі болып табылады, ол жазбаша түрде ресімделуі, оған Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолдары қойылуы және мөрлермен р а с т а л у ы т и і с .

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.06.2016 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) б ұ й р ы ғ ы м е н .

25. Осы шартпен реттелмеген бөлікте Қазақстан Республикасы заңнамасының н о р м а л а р ы қ о л д а н ы л а д ы .

26. Осы шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден, мемлекеттік және орыс тілінде, бірдей заң күші бар 2 данада жасалды.

## 8. Тараптардың деректемелері мен қолдары

---

---

---

Астық қабылдау кәсіпорны мен астық  
иесі арасындағы астықты сақтаудың жария  
шартының үлгілік нысанына қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның оң жақ жоғары бұрышындағы мәтіні жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.06.2016 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20 \_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ шартқа астықтың  
сандық-сапалық көрсеткіштері және астықты сақтау жөніндегі  
көрсетілетін қызметтер құны

20 \_\_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

P/c №	Сақтауға берілетін астықтың көлемі мен сипаттамасы				
	Дақыл	С о р т ы , репродукциясы (тұқым үшін)	Себу стандартының сыныбы (тұқым үшін)	Егін жинау жылы	Саны, тонна, дейін

(кестенің жалғасы)

Стандарты	АҚК-де астықтың жеткізілетін сапалық көрсеткіштері			
	Ылғалдылығы бойынша, %	Арамшөптік қоспасы бойынша, %	Дәндік қоспасы бойынша, %	Себу стандарты сыныбына дейін (тұқым үшін)
Операция түрі			Көрсетілетін қызметтер бағасы, теңге	Төлеу мерзімі
Қабылдау, 1 тонна үшін теңге				
Кептіру, 1 тонна-пайыз үшін теңге				
Тазалау, 1 тонна-пайыз үшін теңге				
Сақтау, айына 1 тонна үшін теңге				
Т/ж көлігімен тиеп-жөнелту, 1 тонна үшін теңге				
Автокөлікпен тиеп-жөнелту, 1 тонна үшін теңге				

Оның ішінде ҚҚС \_\_\_\_\_%.

Иеленуші:

Астық қабылдау кәсіпорны:

Басшы: \_\_\_\_\_ Басшы: \_\_\_\_\_

Мөр орыны Мөр орыны

А с т ы қ                      қ а б ы л д а у                      к ә с і п о р н ы  
мен                      а с т ы қ                      и е с і                      а р а с ы н д а ғ ы                      а с т ы қ т ы  
с а қ т а у д ы ң                      ж а р и я                      ш а р т ы н ы ң                      ү л г і л і к  
нысанына 2-қосымша

20 \_\_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_ тиесілі астықтың                      (айы) (  
И е л е н у ш і н і ң                      а т а у ы )

**бар-жоғы және қозғалысы туралы мәліметтер**

**Ескерту. 2-қосымша алып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.06.2016 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**